Түркістан облысы білім басқармасына жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысының

АНЫҚТАМАСЫ

1) Ішкі талдау жүргізу негіздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында, Түркістан облысы білім басқармасының *(бұдан әрі – Басқарма)* 14.04.2026 жылғы № 152 бұйрығымен комиссия құрылды.

2) Ішкі талдау объектісі: Түркістан облысы білім басқармасы.

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі 2026 жылдың 14 мамыр мен 26 маусым аралығы.

4) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамту кезеңі 2025-26.06.2026 ж.

1. Мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және орналастыру саласындағы тәуекелдер.

1.1. Басқарма жыл сайын облыс бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастырады.

Биыл «2026-2027 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» шешім аясында колледждерге 15 600 орын орналастыру жоспарланған.

Мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру және орналастыру үшін екі комиссия құрылған:

1) Түркістан облысы әкімінің 2026 жылғы 24 сәуірдегі №1-20 ө-н/қ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және бөлу жөніндегі комиссия құрамын бекіту туралы» Түркістан облысы әкімінің 2022 жылғы 4 ақпандағы №1-3 ө-н/қ өкіміне өзгеріс енгізу туралы» өкімімен бекітілген комиссия;

2) Түркістан облысы әкімінің 2026 жылғы 24 сәуірдегі №1-21 ө-н/қ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссия құрамын бекіту туралы» Түркістан облысы әкімінің 2023 жылғы 5 маусымдағы №1-33 ө-н/қ өкіміне өзгеріс енгізу туралы» өкімімен бекітілген комиссия.

Мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2018 жылғы 12 қазандағы «Мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және бөлу қағидаларын бекіту туралы» №568 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Ал мемлекеттік тапсырысты орналастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» №381 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда 2026-2027 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына мемлекеттік тапсырысты орналастыру бойынша қабылдау жұмыстары жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және тәуекелдерге жол бермеу мақсатында колледждердегі қабылдау жұмыстары **«Oqu platforma»** ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылуда.

Қабылдау науқанында ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен бірлесе отырып колледждерге бару және абитуриенттерден сұхбат алу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, ашықтықты қамтамасыз ету және кеңес беру мақсатында сенім телефондары жұмыс істейді: 8 777 153 18 12, 8 701 256 33 78.

Ұсыныс:

1) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға түсетін абитуриенттердің құжаттарын eGov порталы арқылы қабылдауды жүзеге асыру.

2. Бухгалтерлік есеп және бюджет қаражатын жұмсау саласындағы тәуекелдер.

2.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында 2023 жылы маңызды шешім қабылданып, білім беру ұйымдары **1С** бухгалтерлік есеп жүйесінен бас тартып, **«Фоварит»** цифрлық есепке алу жүйесіне толықтай көшті. Бұл жүйеге көшкелі бері бюджетті жоспарлау, оның орындалуы, персоналдың есебі мен жиынтық есептілікті жүргізу жүйеленуде.

2.2. Басқарма «Qarzhu baqylau» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен бірлесе отырып, мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС/МСФООС) сәйкес қалыптастыру мәселелеріне арналған семинарлар өткізуде.

Аталған семинарларға аудандық және қалалық білім бөлімдерінің бас есепшілері, сондай-ақ бірқатар білім беру ұйымдарының бас есепшілері қатысып, кәсіби тәжірибе алмасуға мүмкіндік алады.

2.3. Білім беру саласындағы мемлекеттік мекемелер қызметкерлеріне жалақы төлеудің сәйкестігін **«Онлайн бюджеттік мониторинг»** бағдарламасы арқылы бақылау, сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын алу мақсатында **Түркістан облысының прокуратурасы, Түркістан облысы білім басқармасы** және **Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің** келісімімен, **облыс әкімінің орынбасарымен** бірлескен іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді.

«Онлайн бюджеттік мониторинг» бағдарламасы арқылы қаржының мақсатты жұмсалуына талдау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

Ұсыныс:

1) «Фоварит» цифрлық есепке алу жүйесінде қалыптастырылатын деректердің толықтығы мен дұрыстығына кезеңдік тексеру жүргізуді қамтамасыз ету;

2) «Онлайн бюджеттік мониторинг» бағдарламасы арқылы анықталған сәйкессіздіктер бойынша қабылданған шаралардың нәтижелерін тоқсан сайын қорытындылап отыру.

Ұсыныстар:

1) Мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және орналастыру рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жүйелі түрде жалғастыру;

2) Білім беру ұйымдары басшылары мен бас есепшілерінің құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыру;

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін Басқарманың алқа отырысында қарау.

Комиссия төрағасы **А.Өсербаев**

Комиссия мүшелері **И.Абулхайров**

А.Қасымбекова

Ш.Байділдаев

Н.Кудайбергенов